



**ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM**

**Нұсқаулық
диссертацияны қорғау бойынша PhD докторы дәрежесіне
үміткерге арналған**

Докторантқа диссертациялық зерттеудің қорғауға дайындығын растау үшін Қазақ спорт және туризм академиясының (бұдан әрі - ҚазСТА) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және мансап бөліміне мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

1. Ғылыми хатшының қолымен және мөрімен расталған белгіленген формадағы ғылыми еңбектердің тізімі, сондай-ақ ғылыми еңбектердің бедерлері;

2. Отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың жұмыс орны бойынша куәландырылған пікірлері (Назар аударыңыз! Пікірлер ізденушіге алдын-ала қорғауға дейін беріледі!). Ғылыми консультанттардың (ҚазСТА қызметкерлерінің) пікірлері ҚазСТА персоналды басқару және іс жүргізу бөліміне (бұдан әрі – ПБЖБ) мөрмен расталады. Шетелдік кеңесшінің пікірінің аудармасы міндетті түрде нотариалды куәландырылуы керек;

3. Диссертация тақырыбын және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы бұйрықтардың көшірмелері;

4. Докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы Транскрипт.

Қорғауға уақтылы шықпаған докторантура түлегі алдын ала қорғаудан өту үшін, сондай-ақ одан әрі қорғау үшін докторант мәртебесін қалпына келтіру туралы өтінішпен жоғары оқу орнынан кейінгі білім және мансап бөліміне жүгінуі керек және төмендегідей құжаттарды ұсынуы керек:

1) Президенттің атына өтініш (отандық ғылыми кеңесші, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, жетекшілік ететін проректор алдын ала қол қойған) (1-қосымша);

2) тақырыпты және ғылыми консультанттарды қабылдау, шығару, бекіту туралы бұйрықтар;

3) төлем туралы түбіртектің көшірмесі (қорғауға уақтылы шықпаған өткен шығарылымдардағы ізденушілерге ғана);

4) транскрипт (Тіркеуші кеңесі береді). Бітіргеннен кейін 3 жыл өткен жағдайда докторант диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі (research proposal).

Докторант өзі оқыған ЖОО-да кафедраның кеңейтілген отырысында алдын ала қорғаудан өтуі тиіс. Ол үшін кеңейтілген отырыс өткізілгенге дейін 1 (бір) ай бұрын докторант диссертацияны докторанттың ғылыми зерттеулері саласында ғылыми дәрежесі бар кемінде 2 (екі) маманға рецензиялауға жібереді. Рецензенттерді кафедраның кеңейтілген отырысының төрағасы тағайындайды. Диссертацияны қорғауға ұсыным беру туралы қорытындысы бар кеңейтілген отырыс хаттамасына отырыс төрағасы қол қояды, ғылыми хатшы куәландырады, Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі проректор бекітеді және елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

Кафедраның кеңейтілген отырысында диссертацияны талқылағаннан кейін, қорғауға ұсыным туралы оң қорытынды алған жағдайда, докторант 6 (алты) ай ішінде қорғауға шығады. Осы мерзімнен асқан жағдайда докторант кафедраның кеңейтілген отырысында диссертацияны талқылау рәсімінен қайта өтеді.

Докторантқа кеңейтілген отырысты 2 (екі) рет қана өткізуге рұқсат етіледі. Алдағы кеңейтілген отырыс туралы хабарлама оны өткізу күнінен 10 күн бұрын университеттің интернет-ресурстарында орналастырылады. ҚазСТА-да оқымаған Докторант, өзі оқыған ЖОО-да кафедраның кеңейтілген отырысынан кейін ҚазСТА бейіндік бөлімшесінің кеңейтілген отырысында диссертацияның алдын ала талқылауынан өтуі тиіс.

Алдын ала қорғаудан кейін докторант төмендегідей жұмыстарды атқаруы тиіс:

1. ҚР Ұлттық кітапханасында диссертацияның УДК-сын алу / тексеру;



**ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM**

2. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында (бұдан әрі - ҰҒТСО) диссертацияны техникалық ресімдеу (нормобақылау) тексерісінен өту.

ҚазСТА диссертациялық Кеңесіне докторант мынадай құжаттарды ұсынады:

1. Диссертацияны қорғауға қабылдау туралы ДК төрағасының атына өтініш (2-қосымша);

2. Қатты мұқабалы диссертация 3 (үш) данада және электронды тасымалдағышта (CD-диск);

3. Жалпы көлемі 15 беттен аспайтын үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) диссертацияның аннотациясы. Аннотацияда диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға шығарылатын негізгі ережелер, зерттеудің негізгі нәтижелері, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесі сипатталады;

4. Консультанттың жұмыс орны бойынша куәландырылған отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері (шетелдік консультанттың пікірін аудару нотариалды куәландырылуы тиіс);

5. Докторант оқыған жоғары оқу орнының жетекшілік ететін проректоры бекіткен, диссертация орындалған кафедраның кеңейтілген отырысының оң қорытындысы мен қорғауға ұсынымы бар хаттамасы;

6. Докторант оқыған университеттің бас ғалым хатшысы куәландырған ғылыми еңбектер тізімі және басылымдардың көшірмелері;

7. Докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық кеңесінің (комиссиясының) зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен тіршілік ету ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы.

Құжаттарды қабылдауды Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы жүзеге асырады, ол оларды кемінде 2 (екі) жұмыс күні мерзімінде тіркейді. Құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертация қорғау күнін белгілейді және екі ресми рецензент пен уақытша мүшелерді тағайындайды.

Қорғау күнін тағайындау мерзімдері докторант диссертациялық кеңеске жүгінген күннен бастап 3 (үш) айдан аспауға тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттардың құжаттарының түсу мерзіміне орай кезек реті сақталады.

Қорғау күні мен ресми рецензенттер тағайындалғаннан кейін докторант (ДС ғылыми хатшысымен кеңескеннен кейін):

1) интернет-ресурстарда материалдарды орналастыру үшін ҚазСТА инновациялық-техникалық бөліміне (ИТБ) мынадай құжаттар тапсырады:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекен-жайын, күні мен уақытын (қорғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімділікті көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде);

2) диссертация (көшіруден қорғаумен, файл атауының мысалы: Диссертация (докторанттың аты-жөні)) қорғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын, сондай-ақ Диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титулдық бетте тиісті белгілері бар оның барлық пысықталған нұсқалары (тұрақты негізде қол жеткізу);

3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі Аннотация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын).

4) PDF форматындағы докторанттың ғылыми еңбектерінің тізімі (расталған құжаттың сканерленген нұсқасы), файл атауының мысалы: белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын жарияланымдар тізімі (докторанттың аты-жөні);



**ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM**

5) PDF форматындағы ғылыми консультанттардың пікірлері (расталған құжаттың сканерленген нұсқасы), файл атауының мысалы: қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді 1 (докторанттың ТАӘ), 2 (докторанттың ТАӘ); белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын);

6) PDF форматындағы ресми рецензенттердің пікірлері (қорғаудың белгіленген күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

7) докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы арқылы ресімделетін құжаттар:

1. Алдағы қорғау туралы хабарлама (ҚР ҒЖБМ ҒЖБМССҚК);

2. Плагиатқа қарсы хат (ҰМҒТСО-ға ілеспе хатты дайындау және жіберу (сайттағы хаттың үлгісі) және плагиатқа тексеру үшін ҰМҒТСО-ға диссертациялық жұмысты тапсыру. Диссертация Word форматында CD-ге тапсырылады. Өзіңізбен бірге жеке куәліктің көшірмесі болуы қажет. Анықтама ақылы, 10 жұмыс күні ішінде беріледі. Анықтаманы ДС ғылыми хатшысына ұсыну қажет);

3. Ресми рецензенттерге хаттар (рецензенттерге және ДК уақытша мүшелеріне хабарлама-хаттар дайындау және жіберу). Рецензенттерге диссертациялық жұмыс ұсыну. Рецензенттердің пікірлері олардың негізгі жұмыс орны бойынша расталады (ҚазСТА қызметкері ҚазСТА докторанттары үшін рецензент бола алмайды).

4. ДК ғылыми хатшысына диссертацияны қатты (тігілген) мұқабада және CD-де тапсыру туралы ҚазСТА кітапханасынан анықтама.

Қорғаудан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде докторант Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және мансап бөліміне ДК төрағасы мен ғылыми хатшысы қол қойған, ҚазСТА мөрімен расталған, PhD философия докторы дәрежесін беру туралы қорғау жөніндегі ДК отырысының хаттамасынан үзінді көшірменің бір данасын ұсынуы қажет. PhD докторы дәрежесін беру туралы қорғау жөніндегі ДК отырысының хаттамасынан үзінді көшірмеге диссертация тақырыбының атауы үш тілде көрсетілген құжат, жеке куәліктің көшірмесі қоса беріледі.

Қорғаудан кейін күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде университет сайтында AVI, MPEG4, MOV форматтарының бірінде DVD-дискідегі қорғаудың бейнежазбасын орналастыру үшін ҚазСТА АТБ-ге ұсыну қажет (бейнені монтаждауға жол берілмейді!). Қорғаудан кейін күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде ҰМҒТСО-ға Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі проректордың микрофильмдеуге қолы қойылған университет бланкісінде ілеспе хатпен диссертация жіберу қажет.

Ол үшін төмендегідей құжаттарды басып шығару керек:

1) диссертация (түптелмеген түрде);

2) қағазға басып шығарылған аннотация (3 тілде);

3) ҚазСТА мөрімен куәландырылған қазақ және орыс тілдерінде (әрқайсысы 3 (үш) данада) ДЕК (диссертацияның есепке алу карточкасы);

4) докторанттың ғылыми жарияланымдарының расталған тізімі. Word форматындағы барлық құжаттардың электрондық нұсқалары CD-ге жазылуы керек.



**ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM**

7 (жеті) жұмыс күні ішінде қатты мұқабалы (тігілген) диссертацияның даналарын және PDF форматындағы 3 (үш) тілде жеке файлдармен аннотациясы бар CD-ге ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына және ҚР Ұлттық кітапханасына дайындау және жіберу. ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына жіберген кезде анықтаманың сканерлеу нұсқасын алу үшін жеке электрондық мекенжайын және диск бүлінген немесе оны оқу мүмкін болмаған жағдайда жеке байланыс телефонын көрсету қажет. Дискіні ҚР Ұлттық кітапханасына (Алматы қ.) тапсырған кезде диссертацияның титулдық парағындағыдай ақпаратты көрсететін кірістірмесі бар қатты қаптамада және қатты мұқабалы диссертацияның 1 данасын тапсыру қажет. Тіркеуші кеңсесінде диссертацияны қорғағаны үшін кредиттері бар жаңартылған транскрипт алыңыз. Аттестаттау ісінде қамтылған құжаттардың тізбесі (3-қосымша).



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

Қосымша 1 (Қайта оқуға рұқсат беру туралы өтініш)

«Қазақ спорт және туризм академиясы»
КеАҚ-ның Президенті
Қ.Қ. Закирьяновқа

Білім беру бағдарламасының
PhD докторанты
докторанттың аты-жөні
(оқу жылы)

Өтініш

Мені _____ оқу жылынан бастап ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 27.08.2024 № 419 бұйрығының өңделген ҒЖБМ 2022 жылғы 20 маусымдағы №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының «Докторантура» бөлімінің 110-тармағына сәйкес ғылыми-зерттеу компонентінің 12 кредитін игеру және докторлық диссертацияны қорғау үшін қайта оқуға рұқсат беруіңізді сұраймын

Докторлық диссертация тақырыбы: _____

Отандық ғылыми кеңесші: _____

Шетелдік ғылыми кеңесші: _____

Қолы
Күні

Қол қоятындар:

- 1) кафедра меңгерушісі;
- 2) факультет деканы;
- 3) жоғары оқу орнынан кейінгі білім және мансап бөлімінің басшысы;
- 4) ғылым және стратегиялық даму жөніндегі проректор.



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

Қосымша 2

(Диссертациялық кеңеске өтініш)

Диссертациялық Кеңестің Төрағасына докторлық
диссертацияларды қорғау бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін беру ББ (мамандықтар)
бойынша 20 __ __ жылға:

_____ (диссертациялық кеңестің шифры)

_____ базасында

(диссертациялық кеңес құрылған ұйымның атауы)

_____ (ізденушінің аты-жөні)

Өтініш*

_____ (диссертация тақырыбы)

тақырып бойынша диссертациямды қарауға және қорғауға қабылдауыңызды сұраймын.

PhD докторы дәрежесін алуға

_____ білім беру бағдарламасы бойынша

(ББ шифры және атауы)

Жұмысты қорғау бірінші рет (қайтара) жүргізіледі.

_____ білім беру бағдарламасы бойынша

Күні, қолы

* Докторанттың өтініші қолмен жазылады



Аттестаттау ісінде қамтылатын құжаттардың тізбесі:

- 1) докторанттың аттестаттау ісінің құжаттарының тізімдемесі;
- 2) қатты мұқабалы және электрондық жеткізгіштегі диссертация (CD-дискіде);
- 3) докторант оқыған университеттің ғылыми хатшысы бекіткен ғылыми еңбектер тізімі және диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың көшірмелері;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) диссертацияның қазақ және орыс тілдеріндегі тіркеу-есепке алу карточкасы;
- 6) плагиатқа диссертацияны тексеру жөніндегі ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының (ҰМҒТСО) анықтамасы;
- 7) ғылыми консультанттардың жұмыс орны бойынша куәландырылған пікірлері;
- 8) жұмыс орны бойынша куәландырылған 2 ресми рецензенттің пікірлері;
- 9) диссертациялық Кеңес мүшелерінің келу парағы;
- 10) толық көлемде бейнежазба және диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес отырысының төрағасы мен ғылыми хатшысы қол қойған хаттамасы;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы дипломдардың, оларға қосымшалардың көшірмелері (транскрипт көшірмелері) (докторант тегін өзгерткен жағдайда тегін ауыстыруды растайтын құжат ұсынылады);
- 12) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскриптінің көшірмесі;
- 13) докторант туралы мәліметтер;
- 14) ЖОО-ның кадр қызметі оқу орны бойынша куәландырылған жеке парақ;
- 15) докторанттың диссертациялық Кеңес төрағасының қарарымен қорғауға қабылдау туралы өтініші;
- 16) диссертацияның оң қорытындымен және қорғауға ұсынылғаны туралы кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасы;
- 17) диссертацияның көшірмелері кітапхана қорына тапсырылғандығы туралы кітапханалардан анықтамалар;
- 18) диссертациялық кеңеске ілеспе хат жолдау (басқа ЖОО докторанттары үшін);
- 19) диссертация тақырыбын және ғылыми консультанттарды бекіту туралы, қорғауға жіберу туралы бұйрықтардан үзінді көшірмелер;
- 20) есеп комиссиясы отырысының хаттамасы және бюллетень;
- 21) философия докторы (PhD) дипломының көшірмесі және дипломға қосымша;
- 22) плагиатқа диссертацияны тексеру бойынша ҚазСТА анықтамасы;
- 23) жергілікті этика комиссиясының қорытындысы;
- 24) Мінездеме.